bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# 5 саны мен цифры

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 21.06.2019 | https://bilimger.kz/58517/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сайпинова Зиба Әкібайқызы

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың мақсаттары | | 1.1.1.2 бір таңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру<br>1.1.1.3 бір таңбалы сандардың құрамын анықтау |
| Тілдік мақсаттар | | Сол жақта. Оң жақта. Тура ретпен санау, кері ретпен санау |
| Құндылықтарды дарыту | | Өзара сыйластыққа тәрбиелеу |
| Пәнаралық байланыс | | Сынып оқушыларының, сынып бөлмесіндегі заттардың санын анықтау қоршаған орта байланысы жүзеге асады |
| Бастапқы білім | | Оқушылар күнделікті өмірде сандар ретімен санауды үйрену тәжірибесіне сүйенеді |
| Сабақ барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>1 минут | Ертеңгі шеңбер<br>(Б) оқушылар шеңберге тұрады, кезекпен саналады.<br>Оқушылардың зейінін шоғырландыру, оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын /ОМ анықтап алу. | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>30 минут | *Сандар қалай пайда болды?*<br>*(Ұ) Ертеде адамдар санауды білді ме?*<br>*Санау не үшін қажет болды?*<br>Сұрақтарға болжам жасауға ой-түрткі жасау.<br>Оқушылардың пікірлерін айтуына мүмкіндік беру.<br>**(Ө)** Санауға арналған материалдар: моншақтар, асықтар, таяқшалар, тастар, түймелер.<br>5 саны және цифрымен таныстыру<br><br>**(Ж)** оқушыларға өзі ұнататаны заттардың топтамасын санату, оқушылар топқа немесе сыныпқа ұнататын түсі және сол түсті заттың қаншасын анықтағанын айтады.<br>**(Ж,Т,Ф)** Оқушыларға жұппен немесе кішірек топтарда 1-ден 5-ке дейінгі әр санға мысал келтіру ұсынамын. Мысалы: бөлмедегі компьютер немесе есік саны, тақта, терезе т:с:с:<br>Сыныптан саны бесеу болатын заттарды табу.<br>**Оқулықпен жұмыс**<br>Сан түзуінде 5 санының орнын анықтау.<br>Сурет бойынша түсіп қалған сандарды табу.<br>Санның құрамын анықтау.<br>Келесі сан қандай сан?<br>Алдыңғы сан қандай сан?<br>3 және 5 сандарының арасында қандай сан бар?<br>Сандардың қайсысы үлкен, қайсысы кіші?<br><br>**Сергіту сәті**<br>Жұмбақ<br>Қараңғыдда жымыңдай жанады;<br>Жарық түссе бірден сөніп қалады (Жұлдыз)<br><br>*5 цифрын ауада жазу*<br>*Дәптермен жұмыс.*<br>*1.Түсіп қалған сандарды жаз*<br>*2.Үлгі бойынша толықтырып жаз*<br>*3. Сан құрамын анықтау*<br><br>***5***<br>*2* \| <br> \| *1*<br>*4* \| <br> \| *0*<br><br>4. Сан түзуінде көрсету<br>____________________<br>**1 2 3 4 5**<br><br>**Қалыптастырушы бағалау**<br>**1-тапсырма.** Сандарды сәйкес суреттермен байланыстыру.<br><br>**2-тапсырма.** Үлкен және кіші доптардың санын анықтаңыз және бос торкөздерге жазыңыз. Оларды салыстырыңыз<br><br>Үлкен доптар Кіші доптар | Кеспе, суреттер |
| Сабақтың соңы<br>2 минут | Қорытындылау<br>Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:<br>-Нені білдім?<br>-Нені үйрендім?<br>-Нені түсінбедім? | |
| Қосымша ақпарат | | |

| | | |
|---|---|---|
| Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? | Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Сан түзуінде сандардың орнын табуда қиналған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу | Заттардың санын цифрлармен сәйкестендіруін, сандарды салыстыруын бағалау | Сергіту жаттығуы мен көзге арналған жаттығулар |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.